



ТУРАН-ҚАЗАЛЫ

№90
(2261)
Сәрсені
6 қараша
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АЛҒЫС ХАТЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Қызылорда қаласында «AMANAT» партиясының бастама-сымен, облыс әкімдігінің қолдауымен ауыл әкімдерінің форумы өтті. Жиынға «AMANAT» партиясының хатшы-сы Ержан Жылқыбаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Ұлттық экономика министрлігі өңірлік даму департаментінің дирек-торы Нұрлан Мақсұтов, барлық деңгейдегі әкімдер, облыстық мәслихаттың төрағасы мен депутаттары, басқарма, департа-мент және құқық қорғау органдарының басшы-лары қатысты. Форумда аймақ басшысы Нұрлыбек

Нәлібаев Президенттің, Үкіметтің қолдауының арқасында облыс бюджеті биыл 744 млрд. теңгеден асқанына ие болып, Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтті. Басқосуда өңірдің әлеуметтік-экономикалық да-муына қосқан елеулі үлесі үшін Қазалы ауданының әкімі Мей-рамбек Шермағанбетке Қазақстан Республика-сы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Алғыс хаты» табысталды. Мұнан бөлек бірқатар сала басшылары мен аудан әкімдері марапат төрінен көрінді.

АУДАН ӘКІМІНІҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІ ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРДА ЖАЛҒАСТЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің халықпен кездесулері аудан орталығынан шалғай орналасқан «Бозкөл», «Тасарық» және «Кәукей» ауылдық округтерінде жалғасты. Тұрғындармен өткен кезде-сулерде аудан әкімі үстіміздегі жылдың 9 айында ауданда атқарылған жұмыстардың жай-ы

ын баяндап, алдағы жоспарла-рымен бөлісті. Сондай-ақ, елде атқарылып жатқан жұмыстар аудан халқының ауызбіршілігінің арқасында жүзеге асырылып жатқандығын атап өтті. Үшауылда өткен кездесулер-де тұрғындар елді мекендердегі ішкі көшелерді асфальттау, жарықтандыру, электр желілерін

қайта жаңғырту, бірқатар көшелерге атау беру және спорт кешенін салу мәселелерін көтерді. Аудан басшысы айтылған әрбір сауалдар мен ұсыныстарға жеке-жеке жауап беріп, бірқатар мәселелер бой-ынша тиісті бөлімдер мен меке-ме басшыларына нақты тап-сырмалар берді.

Сонымен қатар, аудан бас-шысы ауылдарда өткен кезде-сулерден кейін жеке мәселелері бойынша жүгінген тұрғындарды қабылдады. Халықпен кездесулер-ден кейін М.Шермағанбет округтердегі барлық әлеуметтік нысандарды аралап, жылу берілу барысын қадағалап шықты.

ЖАППАЙ СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ МЕН КҮЗГІ ТАЛ ЕГУ АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қазалы ауданында жаппай сенбілік жұмыстары мен күзгі тал егу акциясы ұйымдастырылды. Акцияның негізгі мақсаты – туған өлкені көркейту-көгалдандыру, яғни жасыл же-лекке айналдыру. Осы мақсатта аудан орталығындағы Рәміздер алаңының аумағына 100 түп үйеңкі талы отырғызылды. Кент келбетінің көркеюіне ба-стайтын берекелі бастамаға ар-дагерлер, аудандағы барлық мекемелер, ұжымдардың қызметкерлері мен аудан жаста-ры белсенді қатысты. Жалпы, мамандардың айтуы бойынша көшетті көбіне көктемде отырғызады, десе де, оған

көп күтім керек екен. Ал, күзде отырғызылған шыбықтар өккен-нен кейін тамыр жайып, тез өнеді. Олар көп күтімді қажет етпейді. Тек отырғызар алдында егу ережелеріне мұқият мән берген абзал. Артық бұтақтарын қырку, суды мөлшермен құю секілді жұмыстарды қадағалау керек. Ал, аудан көлеміндегі ұйымдастырылған жаппай сенбілік жұмыстары кезінде аудан орталығы - Әйтеке би кентіндегі орталық және шеткі көшелер бей-берекетсіз шашылған қоқыстардан, жапырақтардан та-зартылды. Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

●Баспасөз - 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары! Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз. Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газет-ке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге. Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгал-териясына келіп жазылуына болады. Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз кел-се, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз. Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

Қазалы ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемерін бекіту туралы шешім жобасына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№	Түсіндірме жазбада көрсетілуге тиіс мәліметтердің тізбесі	Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты
1	Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы	«Қазалы ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» КММ
2	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері	«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына іске асырылады
3	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі)	Жобаны іске асыруға байланысты, қаржы шығындары қажет етілмейді.
4	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдары жоқ
5	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері	2025 жылдан бастап Қазалы ауданы бойынша туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту
6	Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер	Жоқ
7	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы	Жоқ
8	Нормативтік құқықтық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны)	Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 30.10.2024 ж. орналастырылды.
9	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат	Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 30.10.2024 ж. орналастырылды.
10	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі	Жоқ
11	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері	Жоқ

Қазалы ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы

О.Жамшейтов

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА
к проекту Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2025 год по Казалинскому району

	Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке	Информация государственного органа разработчика
1	Наименование государственного органа-разработчика	КГУ «Отдел физической культуры, спорт и туризма Казалинского района»
2	Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, Руководства Администрации Президента, Правительства и Аппарата Правительства и/или другие обоснования необходимости его принятия	В соответствии с пунктом 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан»
3	Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке)	Не повлечет финансовые затраты, связанные с реализацией проекта.
4	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности	не имеет предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта
5	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Утвердить ставки туристского взноса для иностранцев в местах размещения туристов по Казалинскому району на 2025 год
6	Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации	Нет
7	Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости	Нет
8	Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, количество байт)	Размещено на сайте интернет-ресурса акимата Казалинского района 30.10.2024 г. Опубликовано на интернет-портал открытых нормативных правовых актов 30.10.2024г.

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

к проекту Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2025 год по Казалинскому району

9	Информация о размещении пресс-релиза к проекту нормативного правового акта, имеющему социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов	Размещено на сайте интернет-ресурса акимата Казалинского района 30.10.2024 г.
10	Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан	Нет
11	Результаты расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта	Нет

Руководитель коммунального государственного учреждения «Отдел физической культуры, спорт и туризма Казалинского района»

О.Жамшейтов

ПРОЕКТ

Қазалы ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2025 год по Казалинскому району

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, «Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазалы ауданы бойынша 2025 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Должность

ФИО

ҮСТЕМЕ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛУЫ ТИІС!

Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметшінің еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқығы бар.

Осы ретте, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 32-бабының 4-тармағында шұғыл, күні бұрын болжанбаған жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік қызметшілерді қаралған тәртіппен ғана тарту көзделіп, үстеме жұмыс істегені үшін заңнамаға сай демалыс күндері (сағаттары) берілуі, өтемақы төленуі қарастырылған.

Сондай-ақ, үстеме жұмыстар әрбір жұмыскер үшін тәулік ішінде – екі сағаттан, жалпы ұзақтығы жұмыс уақытын жиынтық есепке алуды белгілеу кезінде төрт күндік, бес күндік және алты күндік жұмыс аптасында айына он екі сағаттан және жылына бір жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс делінген (Еңбек кодексінің 78-бабы).

Шұғыл, алдын ала күтпеген жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес үстеме жұмысқа, демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылуы мүмкін. Бұл жағдайларда мемлекеттік

қызметшіге демалыс күндері немесе сағаттары беріледі, не болмаса жұмыс мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесіне сәйкес өтеледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті еңбек тәртібі мен жұмыс уақыты регламентінің алдын алу және сақтау мақсатында мемлекеттік органдардың бірыңғай автоматтандырылған деректер базасына тұрақты негізде бақылау және талдау жүргізеді.

Ақпараттық жүйелердің мәліметтеріне сәйкес 2024 жылдың 9 айында жұмыс уақыты режимінің сақталуына жүргізілген мониторинг саны – 100, облыстың мемлекеттік қызметшілері 124 сағаттан артық жұмыс уақытына тартылғандығы анықталды.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдардың деректеріне сәйкес есептік кезеңде демалыс және мереке күндері үстеме жұмыстарға 141 мемлекеттік қызметшіге 190 демалыс күндері беріліп, 20 мемлекеттік қызметшіге 3 млн. теңгеден астам өтемақы төленген.

Тағы атап өтетін жайт, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 89-бабының талабына сәйкес жұмыс берушінің не қабылдаушы тараптың Қазақстан Республикасының

еңбек заңнамасында көзделген жұмыс уақытының және күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) қалыпты және қысқартылған ұзақтығын заңсыз асырғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Есепті кезеңде 2 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, «ескерту» түріндегі әкімшілік жаза қолданылды.

Осы негізде, мемлекеттік органдардың басшыларына мемлекеттік қызметшілердің негізсіз жұмыс уақытын асыруда құқықтарын бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылатындығын ескертеміз.

Сондықтан, мемлекеттік органдардың басшылары еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет үшін қауіпсіз және қажетті жағдайлар жасауға, сондай-ақ қызметшілердің арнамысы мен қадір-қасиетіне кемсітушілік пен қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал құруға бағытталған шараларды қабылдауы тиіс екенін атап өткен жөн.

Әлия ХОЖБАНОВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС—БАСТЫ МІНДЕТ!

Мемлекетімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі. Бүгінгі таңда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы көптеген жұмыстар атқарылуда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін

қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау

мақсатында Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында «бір терезе» қағидаты енгізілген, келушілерге кеңестер бейне бақылаумен жабдықталған бөлмеде беріледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсету электрондық түрде www.egov.kz, www.elicense.kz, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында басқармада жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары дайындалып, жүзеге асырылып отырады. Сонымен қатар, 21-5-18 «Сенім телефоны» жұмыс істейді.

Майра РШЫМБЕТОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары

ҚОШ БОЛ, АЯУЛЫ АЗАМАТ

2024 жылдың 1 қарашасы күні Қазалы ауданының белгілі, беделді азаматы Мнажадин Сражадинұлы Өтеев мезгілсіз дүниеден өтті.

Өтеев Мнажадин Сражадинұлы 1957 жылы 11 сәуірде Қазалы ауданы, Бекарыстан би аулында дүниеге келген. Еңбек жолын 1973 жылы Жаңақазалы поселкелік коммуналдық шаруашылық мекемесінде слесарь болып бастаған. 1975 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтына оқуға қабылданып, 1979 жылы бухгалтер-экономист мамандығы бойынша тәмамдайды.

1975-1984 жылдары Жаңақазалы поселкесіндегі «Трансельхозтехника» автобазасында аға экономист, бас экономист, «Селхозтехника» мекемесінде бас есепші қызметтерін абыроймен атқарды.

1984-1992 жылдары Қазалы ауданының КОКП XXII съезі, Карл Маркс, Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоздарында бас экономист, бас есепші болып жемісті еңбек жолын жалғастырған. 1992 жылы Қазалы ауданы салық инспекциясының бас маманы болып тағайындалса, 1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Ленинск бөлімшесінің аға экономисті, бас есепшісі болып еңбек етеді. 1996 жылдың ақпанында «Наурыз» ЖШС тізгінін өз қолына алып, үш жылдай мекеменің дамуына айтарлықтай үлесін қосты. 1999 жылдың желтоқсанынан бастап күні бүгінге дейін «Сыр маржаны» ЖШС президенті ретінде ерен еңбектің үлгісін көрсетіп келді.

Іскер азамат 2003-2016 жылдары аудандық мәслихаттың III, IV, V шақырылымдарының депутаты, 2016-2021 жылдары облыстық мәслихаттың VI, VII шақырылымдарының депутаты болып сайланған. Әрине, аталмыш жауапкершілігі мол қызмет іскер азаматқа таңсық емес. Өзіне тапсырылған міндетті абыроймен атқарғандығының арқасында көптің ықыласына бөленген тұлғаны әріптестері құрметтеді, халық сыйлады.

Талай жыл ел дамуы жолында тер төккен халық қалаулысы бірнеше наградаларға ие болды. Атап айтсақ, 2012 жылы Президенттің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды. 2016 жылы Қазалы ауданының құрметті азаматы атанса, 2017 жылы «Құрмет орденімен» наградатталды.

«Сыр маржаны» ЖШС Өтеев Мнажадиннің басшылығымен көптеген жетістіктерге жеткен. 2012 жылы облыстық кәсіподақтар кеңесінің «Ынтымақ пен бірлігі жарасқан» номинациясы бойынша, 2013 жылы «Европа-Азия», «Сотрудничество без границ» атты XXXI халықаралық өндіріс көрмелеріне қатысқаны үшін Ақтөбе облысы әкімінің, Ресей Федерациясы,



Орынбор облысы губернаторының, 2014 жылы «Парыз-2014» атты республикалық байқауға қатысқаны үшін ҚР Денсаулық және әлеуметтік даму министрлігінің, «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша аумақтық көрменің жеңімпазы ретінде облыс әкімінің, 2016 жылы «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме конкурсында «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, «Атамекен» ҚР ҰКП «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған байқауға белсенді қатысқаны үшін, 2017 жылы Қоғамдық-консультациялық кеңесінің пікірі бойынша жоғары кәсіби шеберлік көрсеткені үшін «Надежный бизнес-партнер» номинация бойынша кеңестің президиум төрағасының арнайы дипломдарымен марапатталған. Екі жыл қатарынан Ұлттық бизнес-рейтинг орталығының жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес «Сала үздігі-2014», «Сала үздігі-2015» ұлттық сертификаттары табысталды. 2016 жылы «Атамекен» ҚР ҰКП «Іскер» аталымына лайықты деп табылып, марапатталды.

Мнажадин Өтеевке ел экономикасына сіңірген еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласының үздігі» атағы берілген. Сонымен бірге, депутаттық қызметтерді жоғары деңгейде абыроймен атқарғаны үшін «Қазақстан мәслихаттарының құрметті депутаты» атағы берілді.

Отбасында зайыбы Айгүл екеуі бес бала тәрбиелеп, немерешөберелерінің қызығын көрген азамат еді.

Мнажадин Сражадинұлының жарқын бейнесі ұзақ уақыт жадымызда сақталады.

**Қазалы ауданының әкімдігі,
аудандық және ауданнан
сайланған облыстық мәслихат
депутаттары, аудандық
қоғамдық кеңес,
ардагерлер және
әйелдер кеңесі**

ІСТЕР НОМЕНКЛАТУРАСЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

Істерді құрастыру үшін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №263 бұйрығына қосымша 2023 жылғы 29 тамыздағы №157 бұйрығын басшылыққа ала отырып, «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі негізінде істер номенклатурасы орындалған құжаттарды істерге топтастыру, істерді жүйелеу мен есепке алу, олардың сақтау мерзімдерін анықтауға арналған және тұрақты, уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істердің тізімдемесін жасауға, сонымен қатар уақытша (10 жылға дейінгі) сақтаудағы істерді есепке алу үшін негіз болады.

Істер номенклатурасына ұйымда қалыптасатын және ұйымға келіп түсетін барлық құжаттар енгізіледі. Электрондық құжаттар және деректер базалары қалпы істер номенклатурасына талаптар негізінде енгізіледі.

Істер номенклатурасында ұсынылған құжаттың нысаны тіркеледі – ақпарат жеткізгіші көрсетілген электрондық немесе қағаздағы.

Істер номенклатурасын жасаған кезде құрылтай құжаттары, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, құжаттардың сақтау мерзімдері көрсетілген құжаттардың үлгілік, салалық (ведомстволық) тізбелері, істердің үлгілік (болжамды) номенклатуралары, құрылым (штат кестесі), жұмыс туралы жоспарлар мен есептер басшылыққа алынады, ұйым қызметінде жасалған құжаттардың түрлері, құрамы және мазмұны зерттеледі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 26 тамыздағы №236 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидасының» 26-қосымшасына сәйкес нысанда БҚҚ қызметі (ағымдағы жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірмей) тиісті бөлімшелер ұсынған құрылымдық бөлімшелердің істер номенклатураларының негізінде жасайды.

Жаңадан құрылған бөлімше бір ай мерзімде бөлімшенің істер номенклатурасын әзірлеп, оны БҚҚ қызметіне ұсынуға міндетті.

Ұйымның істер номенклатурасына БҚҚ қызметінің басшысы қолқояды, ұйымның сараптау комиссиясымен (бұдан әрі – СК), құжаттар тұрақты сақтауға берілетін мемлекеттік архивтің (жергілікті атқарушы органның) сараптау тексеру комиссиясымен (бұдан әрі – СТК) келісіледі және ұйым басшысы (ағымдағы жылдың соңынан кешіктірмей) бекітеді. Егер ұйымның функциясы мен құрылымында түбегейлі өзгерістер болмаса істер номенклатурасы мемлекеттік архив мекемелерімен 5 жылда кемінде бір рет келісіледі.

Ұлттық архив қорының толықтыру көздері болып табылмайтын ұйымдар істер номенклатурасын СТК-ға келісуге ұсынбаса да болады.

Істер номенклатурасы қажетті даналарда басылып шығарылады. Бекітілген номенклатураның бір данасы оны келіскен мемлекеттік архивте сақталады.

Істер номенклатурасы жыл соңында нақтыланады, оны ұйымның басшысы бекітеді және келесі іс жүргізу жылының 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**А.ОРАҚБАЕВ,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві»
КММ-нің «Қазалы аудандық архиві»
филиалының архивисті**

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес, ардагерлер және әйелдер кеңесі

Қазалы ауданының «Құрметті азаматы», «Сыр маржаны» ЖШС директоры, ауыл шаруашылығы саласының ардагері
ӨТЕЕВ МНАЖАДИН СРАЖАДИНҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

(Газетіміздің келесі саны 13 қараша, сәрсенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.